

УДК 574.589

¹Ж.Б. Ермаганбетова, ²И.М. Жолдасова*¹Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты РММ, Қазақстан, Ақтөбе обл.²Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.

*e-mail: joldasova@rambler.ru

Ырғыз-Торғайдың сулы-батпақты алқабының құстары

Ырғыз және Торғай өзендерінің төменгі сағасындағы көлдер Қазақстандағы ірі сулы-батпақты алқаптардың бірі (348 мың га.) және көптеген гидрофильді құстардың ұя салу, уақытша қонақтау орындары, сонымен қатар Батыс Азия бағытында миллиондаған ұшып өтетін құстардың миграциялық жолы болып табылады. 2008-2013 жылдары жоспарлы түрде, «Ырғыз-Торғай МТР» РММ-нің орнитофаунасына жүргізілген мониторинг нәтижесінде, едәуір алуантүрлілікті ҮТМТР территориясында да және Ырғыз-Торғай көлдер жүйесі де көрсетіп отыр, бұл Ырғыз-Торғайдың сулы-батпақты алқабы 2013 жылы заңды түрде халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар Рамсар тізіміне енгізілуінің дәлелі.

Түйін сөздер: батпақ, гидрофил, құстар, миграция, орнитофауна.

Ж.Б. Ермаганбетова, И.М. Жолдасова

Птицы Иргиз-Тургайских водно-болотных угодий

Озера в низовьях рек Иргиз и Тургай на территории Иргиз-Тургайского государственного природного резервата являются одним и крупнейшим водно-болотных угодий Казахстана (площадь 348 тыс. га). На озерах останавливаются десятки и сотни тысяч птиц во время миграций на Западно-Азиатском миграционном пути. Здесь же массово гнездятся многие гидрофильные виды. Мониторинг орнитофауны, планомерно проводившийся в Иргиз-Тургайском государственном природном резервате в 2008-2013 годах, подтвердил высокое видовое разнообразие птиц на территории резервата и на озерной системе низовьев рек Иргиз и Тургай. Глобальная значимость водно-болотных угодий этой зоны в поддержании миграционных потоков птиц на пролете, гнездовании, кормовых остановках и линьке обуславливает включение их в Рамсарский список водно-болотных угодий международного значения.

Ключевые слова: болото, гидрофил, птицы, миграция, орнитофауна.

Zh.B. Ermaganbetova, I.M. Zholdasova

The birds of Irgiz & Turgay wetlands

Lakes of the lower Irgiz & Turgay in the territory Irgiz-Torgay natural reserve are one and largest wetlands of Kazakhstan (area of 348 thousand hectares). On lakes tens and hundreds thousands birds stop during migrations on the West Asian migratory way. Here in large quantities many hydrophilic species nest. The monitoring of birds which was according to plan carried out in Irgiz-Turgay state natural reserve in 2008-2013, confirmed a high specific variety of birds as a whole in the reserve territory, and on lake system of the lower rivers. The global importance of wetlands of this zone in maintenance of migration of birds on flight, nesting, fodder stops and a molt causes recognition them as wetlands of international importance.

Key words: wetland, hydrophilic, birds, migration, avifauna.

Ырғыз-Торғай табиғи резерваты территориясы Қазақстан және Орта Азия бойынша «Маңызды орнитологиялық территориялар» қатарына енгізілген сулы-батпақты өлкесі бар (әрі қарай СБА), N 48°42' E 62°11' координатында, теңіз деңгейінен 75-100 м биіктікте 348 мың га аумақты алып жатқан алқап, оның ішінде 52

мың га Ырғыз-Торғай резерватының, ал, 296 мың гектары Торғай зоологиялық қаумалының ерекше қорғаудағы территорияларына еніп отыр. Ырғыз-Торғай өзендерінің төменгі сағасындағы көлдер жүйесі үлкен аймақты алып жатқан 38 көл, мөлшері мен көлемі жағынан әртүрлі (сайт «Актюбинская область со всех сторон»). Ең

ірі деген көлдер Байтақ, Қызылкөл, Көлжарма, Малайдар, Тайпақ, Алакөл, Алабұғалыкөл, Айыркөл. СБА мекендеушілерінің тіршілік ету мекені – далалық шөлді және шөлейтті ландшафттағы су деңгейлері маусымдық жауын-шашын мен су тасқынына тікелей тәуелді Ырғыз, Торғай және Өлкейік өзендерінен қоректенетін көлдер жүйесі болып табылады. Ақтөбе облысы балық шаруашылығы инспекциясының мәліметтері бойынша, бұл жерде облыс көлеміндегі өндірістік балық ресурстары шоғырланған, көптеген су тоғандары балық шаруашылықтарына бекітілген. Көлдердің су минералдылығы түрлі деңгейде: ащы, тұзды, тұзды-ащы болып келеді. Бұл көлдердің өсімдік жамылғысымен қапталуы да түрлі сипатта, мысалға: Малайдар көлінің айналасында су маңы өсімдіктерінен бастап (кәдімгі қамыс *Phragmites communis*, май қоға *Typha latifolia*, томарбояу кермегі *Limonium gmelinii*, жолжелкен *Plantago agnaria*, және шеңгел *Halimodendron halodendron*) бұтақты өсімдіктерге дейін кездестіреміз. Ал, Көлжарма айналасында астық тұқымдастары қамыс туысынан кәдімгі қа-мыс *Phragmites communis*, алабұталылар тұқымдасы, сортаңшөп туысынан нәзік сортаңшөп *Haloreplis rugosa*, тентек сораң *Halochemum strobilaceum* түрі кездеседі. Өсімдік жамылғысының әртүрлілігімен көлдердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерімен көрінеді.

Бұл көлдер – халықаралық маңызы бар су және су маңы құстарының көктемде Қазақстаннан Батыс Сібірге, ал күзде солтүстік Африка, Орталық Азия және Еуропаның оңтүстік бөлігіне ұшып өтетін миллиондаған құстардың уақытша аялдап, қоректеніп тіпті кейбірінің ұя салатын орындары. Сондықтан қазірде тек қана мемлекеттік емес, халықаралық көлдер (ҚР Қоршаған орта және су ресурстары Министрлігі 06.09.2013ж. №273 бұйрығы «Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар» тізімі) тізіміне еніп отырылды. Жыл сайын Қазақстан жері арқылы 50 млн-нан астам жыл құстары қоныс аударатын болса, содан 1,5 млн-дай құс осы Ырғыздың СБА арқылы өтіп, 100 – ден астамы ұя салып өсіп-өнеді. Мұндай кездерде бір реттік шоғырлануда, 250мың. дараққа дейін жеткен. 2005жылдың қыркүйек айында 156 мыңнан астам сулы-батпақты алқаптың қанатты мекендеушілері есепке алынса, 2006 жылдың шілдесінде 42 мыңнан астамы

тіркелген [1]. Яғни, миграция жасаушы құстардың шоғырлануы көктем-күздің алғашқы айларында болады, жауын-шашын мен су деңгейіне тәуелді болуының дәлелі екені осыдан-ақ, көрініп тұр. Әсіресе, мұнда бірқазанның 2 түрі, қоқиқаз, тарғақ, ақбас үйрек, қарабай, т.б. мекендейді. Жалпы құстардың 250 түрі кездессе, соның 32-сі Қазақстанның Қызыл кітабына [2] енген болса, оның ішінде 12 түрі Халықаралық Қызыл Кітап тізбесіне [4] енгізілген (кесте 1).

Халықаралық Қызыл кітап тізбесіне енген құстардың кейбірі резерват территориясында тұрақты кездеседі. Ғаламдық жойылып кету қаупі төніп тұрған құстардың бірқатары резерват және қамал аумағында қоныстанады. Мысалға, 2013 жылдың тек күз айларында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде төмендегідей ретте ұсынамын. Қазіргі таңда Бөкенкөл -Үлкен, Кіші Жаркөл – Қарақамыс көлі, Үлкен, Кіші Қарақатынкөл –Жігіткөл –Бақшақкөл, Бәйтерек, Шолақ көл, Соркөл көлдер жүйесінде суы жоқ, кеуіп қалған. Қамал территориясындағы бақылау жұмыстары тек суы бар 1 нүкте – Малайдар-Асабай-Тайпақкөл-Қырғынкөл-Аққабақ-Ұзынкөл көлдер жүйесі мен 4 нүкте – Жаныскөл- Айыркөл- Мамыркөл көлдер жүйесіне, сонымен қатар Торғай мен Телқара өзендеріне жүргізілді. Бұл жүргізілген жұмыс нәтижесінде құстардың 10 отряды, 18 тұқымдасы, 53 түрі, 6 550 дарағы есепке алынды. Оның ішінде, Ырғыз-Торғайдың сулы-батпақты алқабында Қазақстанның Қызыл кітабына енген 17 түр тіркелді (бұйра бірқазан, қызғылт бірқазан, қарабай, кіші аққұтан, сұңқылдақ аққу, ақбас үйрек, ақбас тырна, дуадақ, жек дуадақ, безгелдек, тарғақ, қарабауыр бұлдырық, қарабас өгіз шағала, қарақұс, дала қыраны, сұр тырна, кіші шалшықшы). Олардың ішінде 8 түрі Халықаралық Қызыл кітапқа енген (бұйра бірқазан, ақбас үйрек, ақбас тырна, дуадақ, безгелдек, тарғақ, қарабас өгіз шағала, қарақұс).

Ырғыз және Торғай өзендерінің төменгі сағасындағы көлдер Қазақстандағы ірі сулы-батпақты алқаптардың бірі (348мың га.) және көптеген гидрофильді құстардың ұя салу, уақытша қонақтау орындары, сонымен қатар Батыс Азия бағытында миллиондаған ұшып өтетін құстардың миграциялық жолы болып табылады.

2008-2013жылдары «Ырғыз-Торғай МТР» РММ-нің орнитофаунасына жүргізілген монито-

Кесте 1 – Қызыл кітапқа енген құстардың 2008-2013 жж. Ырғыз-Торғай табиғи резерваты территориясында кездесуі

№	Түрлер	ХҚК	ҚРҚК	2008	2009	2010	2011	2012	2013
1	Бұйра бірқазан-Кудрявый пеликан- <i>Pelecanus crispus</i>	✓	✓	1300	1768	1768	1800	1033	980
2	Қызғылт бірқазан - Розовый пеликан- <i>Pelecanus onocrotalis</i>		✓	1250	1025	1074	1086	1162	905
3	Қарабай - Каравайка - <i>Plegadis falcinellus</i>		✓	76	60	60	60	85	62
4	Кішкене аққұтан - Малая белая цапля- <i>Egretta garzetta</i>		✓	-	-	45	35	30	80
5	Қоқиқаз - Фламинго- <i>Phoenicopterus roseus</i>	✓	✓	1000	1164	1164	1170	1030	509
6	Сұңқылдақ аққу -Лебедь-кликун - <i>Cygnus cygnus</i>		✓	250	260	250	160	302	442
7	Кіші аққу - Малый лебедь - <i>Cygnus bewickii</i>			-	-	-	-	-	-
8	Ақбас үйрек - Савка - <i>Oxyura leucocephala</i>	✓	✓	495	552	552	552	763	480
9	Ақтырна - Стерх - <i>Grus leucogeranus</i>	✓	✓	-	-	--	-	-	-
10	Ақбас тырна – Журавль- красавка - <i>Anthropoides virgo</i>	✓	✓	250	150	150	80	38	65
11	Дуадақ - Дрофа - <i>Otis tarda</i>	✓	✓	-	4	4	2	2	3
12	Безгелдек - Стрепет - <i>Tetrax tetrax</i>	✓	✓	400	150	300	155	454	360
13	Тарғақ - Кречетка - <i>Chettusia gregaria</i>	✓	✓	625	500	500	500	475	500
14	Аққұйрықты тарғақ -Белохвостая пигалица - <i>Vanellochettusia leucura</i>	✓	✓	620	540	540	540	550	600
15	Кіші шалшықшы - Малый кроншнеп- <i>Numenius numenius</i>		✓	350	150	130	45	60	-
16	Қарабауыр бұлдырық -Чернобрюхий рябок - <i>Pterocles orientalis</i>		✓	30	40	32	36	18	45
17	Ақбауыр бұлдырық -Белобрюхий рябок - <i>Pterocles alchata</i>		✓	-	-	-	-	-	-
18	Саджа - <i>Syrhaptus paradoxus</i>	✓		-	-	-	-	-	-
19	Лашын - Сапсан - <i>Falco peregrinus</i>		✓	-	-	-	-	-	-
20	Ителгі - Балобан - <i>Falco cherrug</i>		✓	30	2	-	-	-	-
21	Тұрымтай - Дербник - <i>Falco columbarius</i>			-	10	-	-	-	-
22	Аққұйрықты су бүркіт -Орлан-белохвост – <i>Haliaeetus albicilla</i>	✓	✓	-	3	5	3	3	1
23	Жезқұйрықты су бүркіт - Орлан-долгохвост - <i>Haliaeetus leucorhaptus</i>		✓	-	-	-	-	-	-
24	Бүркіт - Беркут - <i>Aquila chrysaetos</i>	✓	✓	-	6	3	-	2	-
25	Қарақұс - Могильник - <i>Aquila heliaca</i>	✓	✓	101	102	102	102	127	135
26	Дала қыраны - Степной орел - <i>Aquila nipalensis</i>		✓	37	50	50	50	59	64
27	Жыланжегіш қыран - Змеяяд - <i>Circaetus gallicus</i>		✓	-	4	5	-	-	-
28	Үкі - Филин - <i>Bubo bubo</i>		✓	566	550	540	550	613	40
29	Балықшы түйғын - Скопа – <i>Pandion haliaetus</i>		✓	-	4	5	3	2	-
30	Жалбағай - Колпица - <i>Platalea leucorodia</i>	✓	✓	566	550	540	550	613	255
31	Джек- <i>Chlamydotis undulata</i>	✓		-	-	-	-	-	3
32	Сұр тырна - Серый журавль – <i>Grus grus</i>		✓	450	620	560	240	970	320

Кесте 2 – Резерват және каумал территориясында сулы-батпақты алқаптың құстарына жүргізілген 2009-2013 жылдары аралығындағы фенологиялық бақылау кезеңдері

Түрлер	Жылдар	Алғашқы кездесуі	Алғашқы сайрауы	Алғашқы ұя салуы	Алғашқы балапандар	Күзде соңғы рет кездесуі
Ақбас үйрек - Савка - <i>Oxyura leucocephala</i>	2009	03.04	05.04	-	-	26.10
	2010	14.04	15.04	21.04	25.05	20.10
	2011	17.04	17.04	-	-	11.10
	2012	06.04	08.04	-	-	11.10
	2013	10.04.	-	-	-	08.10
Бұйра бірқазан - Кудрявый пеликан- <i>Pelecanus crispus</i>	2009	27.03	14.04	22.04	04.06	15.09
	2010	27.03	10.04	-	-	17.09
	2011	24.03	15.04	-	-	14.09
	2012	24.03	04.04	-	-	20.10
	2013	01.04.	-	-	-	02.10.
Қызғылт бірқазан -Розовый пеликан- <i>Pelecanus onocrotalus</i>	2009	05.04	14.04	-	-	21.09
	2010	06.04	06.04	-	-	19.09
	2011	02.04	14.04	-	-	19.09
	2012	28.03	06.04	-	-	23.10
	2013	28.03	-	-	-	09.10
Қоқиқаз - Фламинго- <i>Phoenicopterus roseus</i>	2009	23.04	30.04	-	-	21.09
	2010	23.04	30.04	-	-	21.09
	2011	06.04	06.04	-	-	21.09
	2012	06.04	08.04	-	-	16.09
	2013	07.04.	-	-	-	11.06.
Ақкүйректі тарғақ - Белохвостая пигалица – <i>Vanellouchettusia leucura</i>	2009	06.04	06.04	-	-	30.10
	2010	05.04	23.05	-	-	20.10
	2011	10.04	10.04	-	-	25.10
	2012	05.04	05.04	-	-	09.04
	2013	20.04.	27.04.	-	-	08.07.
Жалбағай -Колпица - <i>Platalea leucorodia</i>	2009	04.04	15.04	-	-	02.10
	2010	24.04	25.04	-	-	10.10
	2011	23.04	23.04	-	-	04.10
	2012	08.04	08.04	-	-	12.04
	2013	05.04.	06.04.	-	-	15.09.
Қарабай -Қаравайка - <i>Plegadis falcinellus</i>	2009	04.04	04.04	-	-	24.09
	2010	14.04	15.04	-	-	14.09
	2011	20.04	20.04	-	-	27.05
	2012	04.04	09.04	-	-	18.05
	2013	20.04.	20.04.	-	-	07.10.

ринг нәтижесінде, едәуір алуантүрлілікті БІТМТР территориясында да және СБА –да көрсетіп отыр. Бұл аймақта құстардың 234 түрі тіркелді, оның ішінде 100-ден астамы сулы-батпақты алқаптың өкілдері [1].

ТОО «Экопроект» мәліметінше [5], Ырғыз бен Торғайдың төменгі сағасында Арал-Есіл ай-мағының суда жүзетін құстарының ауқымды миграциялық легі өтеді, ұя салатын жерлері Батыс Сібірде. Көктем және күзде 2-3 милли-

он су және су маңы құстары ұшып өтеді. Су құстарының шоғырлануы түлеу кезінде болады. Мамыражай кезде, олардың саны ондаған, тіпті жүздеген мың дарактарға дейін жетеді [1]. Өңірлік және ғаламдық деңгейде сирек және жойылып кету қаупі төнген құстар кенінен сипатталған. Ырғыз-Торғайдың сулы-батпақты алқабы 2013 жылы заңды түрде халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар тізіміне енгізілді.

Әдебиеттер

- 1 Ключевые орнитологические территории Казахстана /Ред. С.Л.Скляренко, Д.Р.Уэлш, М.Бромбахер. – Алматы: Ассоциация сохранения биоразнообразия Казахстана, 2008. – 318 с.
- 2 «Қазақстан Республикасының Қызыл Кітабы» Т. 1.Жануарлар. Ч.1.Омыртқалылар. Ал-маты: «Ди-Пи-Эс», 2010ж. -322б.
- 3 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы N 1034 қаулысы «Жа-нуарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесі».
- 4 2000 IUCN Red List of Threatened Species. Hilton-Taylor C. (Compiler). Gland-Cambridge: IUCN, 2000. – 18+61 pp.
- 5 ТОО «Экопроект». Природные условия Актыубинской области. <http://aktobe.su/archives/5765>.

Reference

- 1 Klyuchevyie ornitologicheskie territorii Kazahstana /Red. S.L.Sklyarenko, D.R.Uelsh, M.Brombaher. – Almaty: Assotsiatsiya sohraneniya bioraznoobraziya Kazahstana, 2008. – 318 s.
- 2 «Kazakstan Respublikasyinyin Kyizyil Kitabyy» T. 1.Zhanuarlar. Ch.1.Omyirtkalyilar. Almaty: «Di-Pi-Es», 2010zh. -322b.
- 3 Kazakstan Respublikasyi Ukimetinin 2006 zhyilgyi 31 kazandagyi N 1034 kaulyisyi «Zhanuar-lardyin sirek kezdesetIn zhane kuryip ketu kaupI tongen turlerInIn tlzbesI».
- 4 2000 IUCN Red List of Threatened Species. Hilton-Taylor C. (Compiler). Gland-Cambridge: IUCN, 2000. – 18 61 pr.
- 5 ТОО «Экопроект». Prirodnyie usloviya Aktyubinskoy oblasti. <http://aktobe.su/archives/5765>